

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: СТРЕСС-ТЕСТІЛЕУ

Қыдырбек М.Е.

*студент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: mardan.kydyrbek1@gmail.com*

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.м. Рахимжанова К.К.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аннотация. Қаржы-банк секторын экономикалық тұрақсыздық жағдайында бірқалыпты дәрежеде ұстап тұру, сондай ақ оны дамыту ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банкіне жүктеліп отыр. Қазіргі таңда банктік секторымыздың ахуалы айтарлықтай жақсы емес. Оған дәлел ретінде жақында ғана болған, әлі де болып жатқан Ресей мен Украинаның арасындағы саяси-экономикалық мазмұны бар қақтығысты айтсақ болады. Бұл оқиға бүкіл әлем елдерінің экономикасы өз әсерін тигізіп отыр. Осыған орай экономикамыздың құлдырап, банктік секторымызда базалық қойылымның өсуі де байқалды. Соғысқа қатыспаған күннің өзінде де экономикамыздың Ресей тарапынан құлдырауын, яғни рубльге тәуелділігін айта кеткен жөн. Сол себепті, қазіргі экономикалық тұрақсыздық кезінде Қазақстан Республикасында банк қызметін дамыту мен жетілдіруді зерттеу маңызды, оны ғалымдардың көпшілігі қаржы нарықтарындағы белгісіздіктің өсуі жағдайындағы даму ретінде анықтайды.

Кілт сөздер. Банк, банктік бизнес, дағдарыс, әлемдік қаржы-банктік дағдарыс, дамудың стратегиялық жолдары, депозиттік мекеме, қаржылық тұрақтылық индексі.

Зерттеу әдістері. Мақалада жалпы теориялық және сандық зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар, еліміздің қаржы-банктік жүйесі зерттеліп, ағымдағы жағдайға талдау жасалған.

Зерттеу мақсаты. Осы зерттеудің мақсаты макродеңгейде отандық банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын стресс-тестілеудің теориялық және әдістемелік негіздерін дамыту.

Кіріспе. Банктік қызмет – бұл кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі, ол экономика мен қоғамдағы банктер үшін үлкен ақша ағындарын жинақтау және қайта бөлу арқылы қаржылық делдал ретінде әрекет етеді. Сондықтан банк қызметінің жай-күйі мен дамуына ұлттық экономиканың жай-күйі және оны қазіргі заманғы жаңғырту мен цифрландыру тікелей байланысты болып келеді. Соңғы онжылдықта банк қызметін интернационалдандыру және қаржылық жаһандану банк қызметінің қазіргі заманғы сипатын едәуір өзгертіп, оны күрделі көп салалы банк бизнесіне айналдырды. Екінші жағынан, дәл осы факторлар қазіргі кезеңдегі банктік тұрақсыздықтың ішінара себептеріне айналды. Банктің тұрақтылығы әсіресе дағдарыс жағдайында айқын көрінеді. Мысалы, 2007-2009 жылдардағы бүкіл әлемдік қаржы дағдарысы банк қызметіндегі бірқатар кемшіліктерді айқындап, банк секторы мен көптеген елдердің экономикасын терең құлдырауға алып келді. Белгісіздіктің өсуі жағдайында банк қызметінің мәнін зерттеу қажеттілігі Қазақстан Президентінің "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Жолдауында белгіленген біздің мемлекетіміздің дамуының жаңа экономикалық моделін құру қажеттілігінен туындады, соған сәйкес 2050 жылға қарай Қазақстан әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі тиіс болды. Алайда қазақстандық банктер дағдарысқа дейінгі даму деңгейіне қол жеткізе алмады, өйткені Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес "банк секторын қалпына келтіруді сипаттайтын көрсеткіштердің бірі банк жүйесі активтерінің дағдарысқа дейінгі деңгейдегі жалпы ішкі өнімге арақатынасы болып табылады".

Қаржы-банк секторының тұрақтылығын сақтап, оны дамытуда стресс-тестілеуді қолдану тәуекелдерді есептеп, мүмкін болатын шығынның алдын алуға көмектеседі. Бұл механизмді әлемнің бірнеше елдері өз қаржы-банктік саласында қолданып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Осыған орай, елімізде 2019 жылы AQR (активтердің сапасын бағалау), 2020 жылы екінші деңгейдегі банктердің стресс-тестілеуі өткізілді. Жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша Еуразиялық банк, АТФБанк, ЦентрКредит Банкі және Нұрбанк Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігімен қосымша провизиялар қалыптастыруды және жекелеген активтердің сапасын жақсарту жөніндегі жұмысты қамтитын 5 жылдық қадағалау жоспарларын келіскен болатын. 2021 жылғы 1 шілдедегі ҚНРДА мәліметтері бойынша, банктер 5 жылдық қадағалау жоспарын алдын ала орындауы керек және оны 90%-ға орындады.


"Стресс-тестілеу" термині бастапқыда техникалық пәндерде (оның ішінде материалтану, материалдардың кедергісін зерттеу, машина және аспап жасау) қолданыла бастады және біраз уақыттан кейін ғана экономика мен қаржы саласында кеңінен таралды. Негізінен жеке портфель акцияларының кірістілігін немесе жекелеген мекемелердің тұрақтылығын бағалауға қатысты қолданылды. Уақыт өте келе осындай тәсілдер қаржы институттары тобының тұрақтылығын бағалау үшін қолданылып, тұтастай алғанда ел экономикасына теріс әсер етуі мүмкін жинақталған проблемалардың алдын алуда өз үлесін тигізіп отыр. Менің ойымша, банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын стресс-тестілеу оның сыртқы және ішкі стресс факторларына қысқа мерзімді осалдығын жан-жақты бағалау болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. Отандық және шетелдік тәжірибие негізінде стресс-тестілеу нәтижелерін практикалық қолданудың негізгі бағыттары:

- Банк жүйесінің өтімділігін қажетті мемлекеттік қолдаудың әлеуетті ауқымын бағалау;
- Меншік иелері тарапынан банктердің бірінші деңгейдегі капиталына қосымша инвестициялар көлемін бағалау;
- Стресс-факторлардың әсерінен болған шығындар мен активтер шығындарының көлемін болжау;
- Ықтимал залалдың көлемі бойынша тәуекелдер мен қауіптерді саралау.

Қаржы-банктік сектордың тұрақтылығын анықтауға болатын базалық қаржылық тұрақтылық индекстері 1-суретте көрсетілген. Пайданың пайыздар бойынша жалпы кіріске қатынасы 2020 жылдың 1 тоқсанынан 2021 жылдың 2 тоқсанына дейін бірқалыпты мөлшерде өсіп отырған. Бірақ, 2020 жылдың 4 тоқсанында ең төменгі көрсеткішке ие болып отыр. Активтерге арналған пайданың нормасы 2020 жылдың 1 тоқсанынан 4 тоқсанына дейін төмендеген.

Кейін 2021 жылдан бастап бұл көрсеткіш өсе бастады. Меншікті капиталға пайда нормасы 2020 жылдың 4 тоқсанынан бастап 2021 жылдың 2 тоқсанына дейін тұрақты өсім көрсетіп отыр.




1-сурет – Депозиттік мекемелер үшін базалық Қаржылық тұрақтылық индекстері (ҚТИ), %

Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтынан

Ең төменгі көрсеткіш 23,04 пайызға тең. Жалпы, пайда – ол кез-келген компанияның немесе мекеменің экономикалық жағдайының айқын көрсеткіші. Ешқандай мекеме пайдасыз жұмыс жасамайды. Пайдасы қысқарған сайын компания жағдайы нашарлай бастайды. Егер пайда түсуін тоқтатса, мекеме өмір сүруін тоқтатып, нарықтан шығуға мәжбүр болады. Сол себепті, пайданың нормасының меншікті капиталға, активтерге және жалпы кіріске қатынасының динамикасын көрсетіп отырмын. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, соғұрлым экономика қаржылық тәуекелдерді еңсеруге қабілетті болып келеді.

Қаржы-банк секторының тұрақтылығын бағалауда тек пайда ғана емес, меншікті капитал мен мекеменің қолындағы активтер саны да айтарлықтай мазмұнға ие. Мекеменің қолындағы активтер саны көбейген сайын компанияның қаржылық тұрақсыздықтарға қарсы тұру мүмкіндігі артады. Себебі, активтер – пайда әкелетін бірден-бір жол. Депозиттік мекемелердің активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы 2020 жылдан 2021 жылдың 1 тоқсанына дейін тұрақты өскен. Яғни, 2021 жылдың 1 тоқсанында активтердің ЖІӨ-ге қатынасы 26,00%-ды құраған. Бұл жаман көрсеткіш емес. Капиталдың активтерге қатынасының динамикасы жылдан жылға төмендеп отыр.



2-сурет – Депозиттік мекемелер үшін ұсынылған Қаржылық тұрақтылық индекстерінің жиынтығы, %

Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтынан

Қорытынды. Жаһандық және ұлттық деңгейлерде экономикалық және банктік жүйелердің жұмыс істеуінде болып жатқан өзгерістердің серпінділігі көбінесе қаржылық тұрақтылыққа нұқсан келтіреді. Осыған байланысты тұрақтылықты қамтамасыз ету әр түрлі елдердің реттеушілерінің назарында болуы кездейсоқ емес. Бұл прогрессивті экономикалық дамудың шарттарының бірі болып табылады. Соңғы уақытта байқалған, компаниялар мен қоғам үшін елеулі шығындармен қатар жүретін сілкіністер сыртқы және ішкі күйзелістердің алдын алуға, оларды бейтараптандыру бойынша уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа әдістер мен құралдарды іздестіру және жетілдіру қажеттілігін өзектендірді. Күрделі жүйелердің стресске төзімділік дәрежесін анықтайтын осындай құралдардың бірі – стресс-тестілеу.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы экономиканың нақты секторын қамтыған дағдарыстар, сонымен қатар жуырдағы сілкіністер дамушы елдерге ғана емес, дамыған елдерге де әсер етті. Тұрақтылықты қалпына келтіру шығындары әсіресе Қазақстан сияқты дамушы елдер үшін жоғары болды. Соңғы жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс проблемалық жағдайларды анықтаудың алдын алу құралдарының тиімділігін арттыру туралы байыпты ойлануға мәжбүр етті.

Әдебиет:

1. Кузнецов, Б. Т. Макроэкономика: учебное пособие / Б.Т. Кузнецов. – Москва: Юнити-Дана, 2017. – 463 с.
2. Зеленкова, Н. М. Деньги. Кредит. Банки: учебник / Н.М. Зеленкова, Е.Ф. Жуков, Н.Д. Эриашвили; под ред. Е. Ф. Жукова. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Юнити-Дана, 2017. – 784 с.
3. ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайты / Қаржылық тұрақтылық индексі [Элект.ресурс] – URL: <https://www.nationalbank.kz/kz/page/indikatory-finansovoy-ustoychivosti>
4. Халықаралық валюта қорының ресми сайты / Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері [Элект.ресурс] – URL: <https://data.imf.org/?sk=51B096FA-2CD2-40C2-8D09-0699CC1764DA&sId=1411569045760>

УДК 336.7

ЭВОЛЮЦИЯ РИСК-МЕНЕДЖМЕНТА КРЕДИТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В НОВУЮ ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ

Ларина О.И.

*к.э.н., доцент, Государственный университет управления,
г. Москва, Российская Федерация
E-mail: oilarina@mail.ru*

Морыженкова Н.В.

*к.э.н., доцент, Государственный университет управления,
г. Москва, Российская Федерация
E-mail: snatalia@execmba.ru*

Аннотация. Статья выполнена в рамках гранта Российского фонда фундаментальных исследований по проекту №20-010-00346 по теме «Исследование влияния современных цифровых технологий на институциональное развитие финансового рынка и системный анализ последствий цифровизации финансового рынка». В статье проводится краткий анализ общих и специализированных стандартов по риск-менеджменту, ориентированных на кредитные организации. Риск-менеджмент будет иметь положительный эффект, если не только грамотно встроен в организационную структуру, но и учитывает новые риски цифровой экономики. В статье приводится классификация киберрисков, а также делается вывод о необходимости адаптации стандартов риск-менеджмента к новым цифровым реалиям.

Ключевые слова. Цифровизация, риск-менеджмент, стандарты риск-менеджмента, риски цифровизации, киберриски.

Методы исследования. Статья выполнена по результатам комплексного научного исследования, посвященного выявлению, систематизации, классификации и оценке рисков в финансовой сфере, порожденных применением новых технологий как составной части цифровой экономики. В настоящей статье авторы провели анализ действующих стандартов по риск-менеджменту.

Цели исследования. На сегодняшний день следует отметить наличие профессиональных стандартов в области управления рисками. Вместе с тем базовые стандарты по риск-менеджменту формировались в эпоху, предшествующую эпохе стремительной цифровизации, что требует доработки с учетом сложившихся реалий. Целью исследования является выявление новых факторов рисков, связанных с цифровыми технологиями, для кредитных организаций.

Введение. В современном обществе уже широко используются передовые цифровые технологии (информационные, коммуникационные, электронные). При этом цифровые технологии ведут к коренной перестройке как отдельно взятых бизнес-процессов и элементов управления, так и всей среды в целом, и обеспечение безопасности и стабильности работы в